



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

негіздерімен, құжат ресімдеу үлгілерімен таныстыру, қазақша іс қағаздарын жүргізу дағдыларын меңгерту, ұйымдардағы іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру жүйесі, іскерлік қарым-қатынас жүргізу жүйесі жөнінде жалпы түсінік беру

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
2. Әшірова Б. Қазіргі қазақ ресми ісқағаздары туралы
3. Дүйсембекова Л. Ресми ісқағаздарын аудару мәселелері

ӨОЖ 811.512.122:81'25

МЕДИА-МӘТІНДЕГІ КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН АУДАРМАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Тельман Айгерим Аманжолқызы

aigerim.telman@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.М.

Қазіргі заманда қоғамның ақпараттануы кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндік құрылымын зерттеу өзекті болып танылуда. Ақпаратты тасымалдаумен қатар, БАҚ басқа да қызмет атқара бастады: беделді әлеуметтік топтар ақпаратты сұрыптау арқылы қоғамға әсер етеді. Неміс әлеуметтанушысы Н. Луманның айтуы бойынша, бүгінгі күні әлем жайындағы шындық БАҚ ықпалымен қалыптасады, тіпті біздің қоршаған орта жайындағы барлық білім БАҚ арқылы келеді [1, б. 8]. Осылайша, қазіргі заманда БАҚ билік құралы да, ақпараттық диктаторлықтың қаруы да, қоғамның ерекше әлем бейнесін қалыптастыратын әдіс те болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қалыптастыратын мәтіндер әлеуметтік маңыздылығы жағынан да, сандық жағынан да басқа мәтін түрлерінен асып түседі. БАҚ мәтіндерінің доминанттығы бірнеше факторға байланысты. Біріншіден, қоғам өзінің дамуы барысында арнайы мәтіндер қалыптастыратын ақпараттық құрылымдар жасады. Тұлға медиа-кеңістікпен әрдайым қарым-қатынаста болады, әртүрлі медиа-хабарларды қабылдап, олардың әсерінен пайда болған әлем бейнесіне сәйкес әрекет етеді. Екіншіден, шындық жайлы әлеуметтік жағынан маңызды ақпараттың көзі бола тұра, БАҚ мәтіндері тұлғаның қоршаған ортадағы бағдары ретінде қолданылады. Үшіншіден, БАҚ-тың қашықтықтан сипаттайтын оқиғалары уақыт және кеңістік шектеулерін бұзып, индивидке әлдеқайда көп ақпаратқа ие болуға мүмкіндік береді.

Медиа-мәтін тіліндегі кәсіби лексиканы зерттеу қазіргі кездегі тілдің даму деңгейін, әлемнің тілдік бейнесін анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті медиа-мәтін лексикасын, соның ішінде терминологиясын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Медиа-мәтін лексикасы өзге маман иелеріне түсініксіз болатын арнайы лексикадан ғана емес, жалпы әдеби тіл, терминдер мен кәсіби жаргондардан құралады. Сонымен қатар, БАҚ тілі ауызекі сөйлеу тіліне жақындығымен ерекшелінеді. Бұл БАҚ сынды қоршаған ортамен, қоғаммен, мәдениетпен тығыз байланысты салалардың лексикасына тән қасиет.

Белгілі бір тілдің терминологиялық жүйесін жасауда, оны қалыптастыруда аударманың маңызы зор. Жалпы адамзат мәдениетінің рухани байлықтар алмасуының нәтижесі екені тарихтан мәлім. Әрбір ел, әрбір ұлт бір-бірімен қарым-қатынас жасай келе, мәдени, рухани құндылықтарымен, көзқарасымен алмасып, аңыз-әңгімелерді ауыздан-ауызға таратқан. Соның нәтижесінде өзінде жоқты өзгеден алып, өз халқының рухани байлығын молайтып отырды. Осы үдерістің бәрінде де аударма ісінің атқарған қызметінің айрықша екенін атап

өту қажет. Тіпті қоғам өмірінің кез келген саласында да аударманың ізін көреміз.

Қазақ халқының да мәдени өресінің бүгінгідей дәрежеге көтерілуінде аударманың қызметі зор. Қазақ тіл білімінің терминология саласына көп еңбек сіңірген Ө. Айтбаевтың пікірінше, ана тіліміздің әдебиленуі, оның нормалы күйге түсуі, терминологиялық лексиканың жасалып, қалыптануы аударма жұмысының жандануымен тікелей байланысты. Сондықтан терминологияны, оның ішінде кәсіби лексиканы қарастырғанда біз оны аударма үдерсімен тығыз байланысын қарамай өте алмаймыз.

Қазақ тілінде терминологияның алғашқы үлгілерін танытатын аударма тарихын талдайтын болсақ, орта ғасырдағы шығыс классиктерінің шығармалары қазақ халқына, көбінесе, аударма арқылы жетіп отырды. Абай, Ыбырай заманында да шығыс және орыс әдебиеті қазақ тіліне аударылды. Сонымен қатар, «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты» сынды алғашқы қазақ медиа-мәтіндерінде де аударма мәселесінің дами түскенін көреміз [2, б. 35].

XX ғасырдың соңында ғылыми-техникалық революция әсерінен жаңа кәсіп түрлері мен мамандықтар пайда бола бастады. Бұл тілдің лексикалық қабатына әсер етпей қойған жоқ. Компьютерлік техниканың пайда болуымен қоғамның санасы, дүниетанымы өзгеріп, лингвистиканың да антропоэзектік парадигмаға көшкенін байқауға болады. Лексиканың бұл қабаты қоғам өмірімен тығыз байланыста болған соң, тілдің қоғамдық қызметі де арта түсті.

XX ғасырдың 80-90 жылдары аралығында аударма мәселесіне көбірек көңіл бөліне бастады. Аударма саласы бұтақтап тамыр таратып, дами бастады. Көркем әдебиет пен саяси-қоғамдық аудармадан басқа, кино тілі, теледидар, медиа-мәтіндер аудармасы жайлы да материалдар пайда болды.

Ал аударма жұмысының тарихы тереңге кетеді. Халық кейін аңыз етіп кеткен сан алуан батырлық жырлар, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен дастандардың көбі бұрынғы заманда шығыс әдебиеті үлгілерін аударып жырлау арқылы жасалған. Аударма мамандығының тарихы жақында ғана басталғаны да рас. Бұл саладағы ғылыми жұмыстар да әлі де жүйеленіп, түгенделіп болған жоқ. Яғни, тіл саласында еңбек етіп жүрген зерттеушілер үшін тың салалардың бірі осы.

Ғылымдағы парадигмалардың алмасуы, жаһандану мәселесі зерттеу жұмыстарының бағытына көп әсерін тигізіп отыр. Соңғы уақытта бұқаралық медианың, интернет желісінің дамуы ғалымдарға жаңа мүмкіндіктер тудырып отыр, себебі жаңадан пайда болған, әлі де зерттелмеген салалар өте көп. Соның ішінде, интернет кеңістігіндегі аударма мәселесі ғалымдардың, зерттеушілердің сарабына толық түскен жоқ.

Интернет хабар парақшаларының қазақ-ағылшын аудармасы көңіл толарлық жағдайда емес. Орыс тілінде жазылған мақалалар қазақ тіліне аударылмай, жалпылай мазмұнын баяндап шыққаны, тіпті ағылшын тіліндегі аударманың жоқтығын айтып өту керек. Бұған мысал ретінде ҚДБ-Лизинг «Қазақстан Даму Банкі» АҚ құзырлық ұйымының веб-сайтының жаңалықтар бөліміндегі мақаланы келтіруге болады. Түпнұсқа мәтіні орыс тілінде жазылғаны бірден көзге түседі. Себебі мақаланың орыс тілінде толықтылығы, сандық бірліктер мен ақпараттың молдығы байқалады: *«АО «БРК-Лизинг» дочерняя организация акционерного общества «Банк Развития Казахстана» в рамках предоставления средств Нацфонда профинансировала первую международную лизинговую сделку по экспорту казахстанской продукции в Азербайджанскую Республику»*. Алайда қазақ және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда кейбір сандық бірліктердің, ақпараттың түсіп қалғандығы айқын. Өйткені дәл сол мақаланың қазақша аудармасы былай басталады: *«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы «ҚДБ-Лизинг» АҚ 4,0 млрд. теңге қаржыландырудың жалпы сомасын ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен отандық автомобиль өндірісін қолдау аясында Лизингтік қаржыландыру бағдарламаны іске асыру бойынша 31 лизингтік мәміле мақұлдады»*. Бұл жерде орыс тіліндегі мақаланың екі абзацындағы ақпаратты бір сөйлем көлеміне дейін қысқартып, жалпы ақпаратты мазмұндап берген. Ағылшын тіліндегі аудармасы да дәл сондай жағдайда: *«As of September 26, 2016 DBK-Leasing JSC subsidiary organization of Joint Stock Company Development Bank of*

Kazakhstan approved 31 leasing deals according to the realization of Lease financing program within the support of domestic automobiles production for account of finances from the National Fund of RK for a whole sum of financing of 4,0 bln.tenge» [3].

Кәсіби лексиканы қарастыратын болсақ, бұл мәтінде «еншілес кәсіпорын» сөзінің аудармасы өте орынды. «Енші» сөзі қазақ халқының танымына жақын, сол себепті «бөлінген кәсіпорын» дегеннің орнына «еншілес кәсіпорын» сөзі жақсы қолданылған. Яғни кәсіпорын табысының белгілі бір бөлігі, еншісі қосымша компаниясына беріледі, бұл сөздің семантикалық мағынасында көбінесе компанияның қаржылық бөлінуі жағынан қарастырады. Орыс тіліндегі «дочерняя компания» термині ұрпақтың жалғасы ретінде көріп отыр. Қазақ тілінде қыз – қонақ, ер бала – отау иесі болғандықтан, «қыз кәсіпорыны» тіркесі жағымсыз мағына беруі мүмкін. Ағылшын тілінде «subsidiary organization» - қосымша, көмекші деген мағынаны беріп тұр. Бұл сөздің семантикалық мағынасында компанияның қызметтік бөлінуі жағынан, яғни атқарылатын жұмысына мән беріледі.

Келесі мысалдағы аудармада ақпараттың бұрмалануы байқалады. Kazinform халықаралық ақпарат агенттігінің веб-сайтында Елбасымыздың испан сәулетшісімен кездесуі жайлы хабарланады. Түпнұсқа мәтіні қай тілде жазылғаны бірден анық байқалмайды. Алайда ағылшын тіліндегі ақпарат ең толымды, себебі мәтінде кездесудің жексенбі күні өтетіні айтылса, орыс тілінде де, қазақ тілінде де бұл ақпарат жоқ: «*President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev met with CEO of Calatrava Grace Corporation Micael Calatrava in Abu Dhabi on Sunday, Kazinform has learnt from the Akorda's press service*». Орыс тіліндегі аудармада көп мәлімет берілгендігі байқалады, бірақ сөйлемнің аудармасы орынды: «Встреча Главы нашего государства с исполнительным директором компании Calatrava Grace Corporation Майклом Калатравой состоялась в Абу-Даби, передает пресс-служба Акорды». Қазақ тіліндегі мәтінді талдайтын болсақ, кейбір ақпараттың қосылуы және адамның атын қате жазылғаны байқалды: «ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Calatrava Grace corporation» компаниясының құрылтайшысы, танымал испан сәулетшісі Сантьяго Калатравамен кездесті, деп хабарлайды ҚазАқпараттың арнаулы тілшісі Арнұр Рахымбеков Әбу-Дабиден». [4] Испан сәулетшісінің аты орыс пен ағылшын мәтінінде Майкл (Micael) болса, қазақ тілінде Сантьягоға ауысып кеткен. Сонымен қатар, басқа мәтіндерде Арнұр Рахымбеков атты тілшінің аты мүлдем аталмайды. Бұл мысалдар қазақ тілінің аудармасына үстіртін қарайтын жағдайлардың аз емес екендігін дәлелдейді.

Ағылшын мәтінінде қолданылған «CEO» сөзі бірден көзге ерекше түседі. Бұл термин дәрежесіне жетпеген, кәсіби сөз деп айтуға болады. Жақында ғана пайда болған бұл тіркестің толық атауы – chief executive officer (CEO). Кейбір аудармаларда CEO аббревиатурасы компанияның президенті (President) деп беріледі. Дегенмен Америкалық ағылшын тілінен енген терминнің қазақ тілінде де, орыс тілінде де нақты қабылданған баламасы жоқ, аудармада көбінесе «бас атқарушы директор» калькасы қолданылады. Ал жоғарыда қарастырған мәтінде CEO – құрылтайшы деп аударылған. 31 томдық қазақша-орысша терминологиялық сөздіктің экономика мен қаржы саласы томында «учредитель» (CEO) сөзін «құрылтайшы» деп аударылған, яғни ұйымдағы аса маңызды мәселелерге байланысты бас қосатын басшы. Бұл қазақ мәдениетіне, дүниетанымына жақын сөз болғандықтан, қазақша аудармасы орынды қолданылған деп ойлаймыз.

Көлік саласында қолданылатын «шайтанарба» ұғымы медиа-мәтіндерде әртүрлі сипатта беріледі. Kazinform ақпарат агенттігінің веб-сайтында берілген «*Есімов пен Байбектен кейін шайтан арбаға Әбдірахымов отырды*» мақаланың атындағы «шайтан арба» - сөзін кәсіби лексика деп қарастыруға болады. [4] Бұл ұғымның орыс тілді мақаладағы аудармасы велосипед болса, ағылшын тілінде – bicycle. Алайда «Ақ Жайық» Атырау жергілікті газетіндегі мақаланың атауы «Шайтан арба» деп берілгенімен, оның орыс тіліндегі аудармасы – «Чертово колесо» (ағылшын аудармасы жоқ) [5]. «Ақ Жайық» газетіндегі мақала шайтанарба (велосипед) жайлы емес екендігі бірден байқалады. Аудармаға қарай отырып, мақаланың түпнұсқасы орыс тілінде жазылғандығы айқын, өйткені мақалада тұрғын үйдің дуалын бұзып-жарып кірген автокөлік жайлы баяндалады. Мақала атын зардап әкелген

«Шайтан арба» (чертово колесо) деп қойғаны содан болар. Аудармашы бұл кәсіби лексикаға метафоралау әдісін қолданған.

Жиналған мәлімет негізінде кәсіби лексиканың көбінесе қоғам өмірімен тығыз байланысты салаларда жиі қолданылатынын байқауға болады, себебі кәсіби лексика ауызекі тілге жақын лексикалық қабатқа жатады. Лексиканың бұл қабаты қоғам өміріне, джүниетанымына, көзқарасына зор ықпал тигізеді, сол себепті оларды жоғарыда аталған мысалдағыдай халықтың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып аудару тиіс.

Аударма ісінің халқымыздың тілдік, стильдік жүйесіне, рухани мәдениетіне айрықша ықпалы бар. Бұл саланың ғылыми мекемелердің жүйелі жоспарлануы нәтижесінде мамандық ретінде пайда болуы үлкен нәтиже. Өкінішке орай, әлі күнге дейін аудармаға үстіртін қарайтын ұйымдар мен мекемелер жеткілікті. Арнайы даярлықтан өткен аудармашылардың қызметін қолдану маңызды емес деп санайтын мекемелер бұл жағдайдың мемлекеттің мәселесіне айналып кетуін ойламайды. Үштілділік саясатын ұстануға бет бұрған мемлекетіміз, оның іске асуына көп қаржылай да, өзіндік жеке де көңіл бөліп отырған жоқ. Бұл жағдайды жоғарыда қарастырылған веб-сайттардағы аударманың сапасынан байқауға болады. Үштілділік саясат болғандықтан, барлық салада, әсіресе, қоғам өміріне, дүниетанымына, қоғамдық санаға әсері мол, бұқаралық ақпарат құралдарының үш тілде бірдей деңгейде жүргізілуі шарт.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.А.Кузьмина. Современный медиатекст: учеб. пособие. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 416 с.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
3. ҚДБ-Лизинг «Қазақстан Даму Банкі» АҚ құзырлық ұйымы веб-сайтының жаңалықтар бөлімі (www.kdbl.kz)
4. Kazinform (ARA,ENG,KAZ Cyrillic,KAZ Latin, RUS, CHN, Press Agency News Media www.inform.kz), халықаралық ақпарат агенттігі. 2017 жыл 15 қаңтар.
5. Ak Zhaiyk (3 lang, Atyrau Local Newspaper www.azh.kz). 2013 жыл 28 наурыз.

ӘОЖ 811.111-347.78.034

МЕТАФОРА ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА: БЕРІЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Төлеубаева Ақнұр Мұхитқызы

aknur.87@mail.ru

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығының 3-нші курс докторанты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мұратова Г.Ә.

Қазақ тілінде жазылған көркем шығармаларды ағылшын тіліне аударуда шығарманы аудармашының оқырманға тұтастай жеткізуі мен автор мен аудармашының арасында тіл үндестігі мен рухани үндестігінің сәйкес болуы басты талаптардың бірі екені мәлім. Аударма барысында аудармашыға қиындық тудыратын себептердің бірі метафораларды аудару мәселесі. Метафораны аудару кезінде қиындық тудыратын себептің бірі, оның семантикалық құрылымының күрделілігі болып табылады. Сондықтан, бастапқы мәтіндегі метафора мен оның аударма мәтіндегі сәйкестігін оның семантикалық құрылымы анықталғаннан кейін салыстырған жөн.

Аудармадағы метафора аудармашының қалауынан ғана тумады, ол түпнұсқаға сай пайда болады. Аудармашы түпнұсқада жоқ метафораны аудармаға алып келе алмайды, өз жанынан көркемдік бейнелеу құралдарын жасауға онын еркі жоқ. Алайда мұндай талапқа жауап беру оңай емес. Түпнұсқадағы метафора аудармада теңеуге айналып кетуі немесе